

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Адал дос пен амал дос

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120867/

Сабақ: 2	Бекітілді:	Мектеп: Ақтөбе қаласы №60 жалпы білім беретін орта мектеп		
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Орынбасарова Гүлдана Ермекқызы			
Сынып: 7 ғ	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар		
Сабақтың тақырыбы:	Адал дос пен амал дос			
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	7.05 Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру. 7.ӘТН 5. Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелуші) дұрыс қолдану.			
Сабақтың мақсаттары	Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады. Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелуші) дұрыс қолданады			
Бағалау критерийлері:	Мәтін бойынша проблеманы анықтайды Проблемалық сұрақтарды құрастырады Тыныс белгілердің қойылу тәртібін ажыратады Сөйлемдерде дұрыс қолданады			
Уақыт	Педагогтің іс-әрекеттер	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

<p>Басы 10 мин</p>	<p>Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.</p> <p>«Қарлы кесек» әдісі арқылы оқылымалды тапсырмасы туралы ой бөліседі. Берілген суреттер арқылы дос болу мен достықтың сыры туралы ой қозғау.</p>	<p>Жалпы сыныптық жұмыс</p> <p>— Достық кімдердің арасында болады? Не үшін дос болады?</p> <p>— Дос болудың мәні неде? (Достық жайлы сөз қозғайды)</p> <p>Достық туралы бірер сөз</p> <p>Жақсымен дос болсаң, Алдыңнан шығар елпектеп... Жаманмен дос болсаң, Сыртыңнан жүрер өсектеп. Махамбет ақын «Достық» туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: «Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзімшілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды», — депті.</p> <p>Шынайы достық қандай да болмасын өмірлік жағдайларда досыңа көмекке келіп, оны қолдай білуді талап етеді. Өзінің досынан белгілі бір нәрселерді қажет ететін адам шынайы достыққа лайық емес.</p> <p>Бұрын адал достық ең жоғарғы адами құндылық саналатын, сондықтан оны белгілі ақындар жырға қосқан. Біздің ойымызша, бұрын достыққа үлкен сезіммен және жауапкершілікпен қараған. Достық үшін құрбан болуға да дайын болған. Бұрын асыл қасиет саналған достық бүгінде жай ғана қарым-қатынас немесе іскери байланыспен ғана шектеледі. Яғни, қазіргі таңдағы қарым-қатынас киноға бару және бірге отырып теледидар қарау шеңберінде қалған сияқты. Мүмкін бізге достар да, достық та қажет емес шығар?</p> <p>Әрине, жоқ! Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.</p> <p>Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтімбет шешенге замандастары: «Достық нешеу?» – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет тұрып:</p> <p>– Достықтың екі түрі болады. Бірі — адал достық, екіншісі — амал достық.</p> <p>– Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:</p> <p>– Адал достық – өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтімбет.</p> <p>1-тапсырма «Ойлан. Жұптас. Бөліс» стратегиясы арқылы проблемалық сұрақтар құрастырыңыз.</p> <p>«Конверт» әдісі Құрастырған сұрақтарын топтар сағат тілі бойынша конвертке салып келесі топтарға алмастырады. Келес топ жауабын конвертке жазады.</p> <p>ЖЖ.2-тапсырма</p> <p>1 топ: «Үшқыр ой» әдісі арқылы сөйлем соңына, ішіне қойылатын тыныс белгілерді қатыстырып достық туралы қанатты сөздер, мақал-мәтел айтыңыз.</p> <p>2 топ: «Ойлан, ізден, тап» әдісі арқылы мәтіннің тыныс белгілерін қойып жазыңыз.</p>	<p>ҚБ: өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыға Жарайсың! Бәрекедді! деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>	<p>Слайд</p> <p>Таратпа материалдар</p>
<p>Ортасы 15 мин</p>	<p>Оқылым тапсырмасы «Түртіп алу» әдісі</p> <p>Автор ойын анықтау</p>	<p>Бұрын адал достық ең жоғарғы адами құндылық саналатын, сондықтан оны белгілі ақындар жырға қосқан. Біздің ойымызша, бұрын достыққа үлкен сезіммен және жауапкершілікпен қараған. Достық үшін құрбан болуға да дайын болған. Бұрын асыл қасиет саналған достық бүгінде жай ғана қарым-қатынас немесе іскери байланыспен ғана шектеледі. Яғни, қазіргі таңдағы қарым-қатынас киноға бару және бірге отырып теледидар қарау шеңберінде қалған сияқты. Мүмкін бізге достар да, достық та қажет емес шығар?</p> <p>Әрине, жоқ! Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.</p> <p>Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтімбет шешенге замандастары: «Достық нешеу?» – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет тұрып:</p> <p>– Достықтың екі түрі болады. Бірі — адал достық, екіншісі — амал достық.</p> <p>– Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:</p> <p>– Адал достық – өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтімбет.</p> <p>1-тапсырма «Ойлан. Жұптас. Бөліс» стратегиясы арқылы проблемалық сұрақтар құрастырыңыз.</p> <p>«Конверт» әдісі Құрастырған сұрақтарын топтар сағат тілі бойынша конвертке салып келесі топтарға алмастырады. Келес топ жауабын конвертке жазады.</p> <p>ЖЖ.2-тапсырма</p> <p>1 топ: «Үшқыр ой» әдісі арқылы сөйлем соңына, ішіне қойылатын тыныс белгілерді қатыстырып достық туралы қанатты сөздер, мақал-мәтел айтыңыз.</p> <p>2 топ: «Ойлан, ізден, тап» әдісі арқылы мәтіннің тыныс белгілерін қойып жазыңыз.</p>	<p>Дескриптор — мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастырады; -дәлелді айғақтармен ойын анық жеткізеді. ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	
<p>15 минут</p>	<p>Оқылымнан кейінгі тапсырма «Ойлан, ізден, тап» әдісі</p>	<p>Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтімбет шешенге замандастары: «Достық нешеу?» – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет тұрып:</p> <p>– Достықтың екі түрі болады. Бірі — адал достық, екіншісі — амал достық.</p> <p>– Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:</p> <p>– Адал достық – өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтімбет.</p> <p>1-тапсырма «Ойлан. Жұптас. Бөліс» стратегиясы арқылы проблемалық сұрақтар құрастырыңыз.</p> <p>«Конверт» әдісі Құрастырған сұрақтарын топтар сағат тілі бойынша конвертке салып келесі топтарға алмастырады. Келес топ жауабын конвертке жазады.</p> <p>ЖЖ.2-тапсырма</p> <p>1 топ: «Үшқыр ой» әдісі арқылы сөйлем соңына, ішіне қойылатын тыныс белгілерді қатыстырып достық туралы қанатты сөздер, мақал-мәтел айтыңыз.</p> <p>2 топ: «Ойлан, ізден, тап» әдісі арқылы мәтіннің тыныс белгілерін қойып жазыңыз.</p> <p>3 топ: «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұхбат алыңыз.</p> <p>4 топ: «Төрт сөйлем» әдісі арқылы достық тақырыбында өзіндік ой қорытады.</p> <p>Пікір-өзіндік пікір</p> <p>Дәлел-бір сөйлеммен дәлелдеу</p> <p>Мысал-бір мысал келтіру</p> <p>Қорытынды-өз ойы</p>	<p>Дескриптор — тыныс белгілерді қолданады; -қанатты, сөздер, мақал-мәтел тауып айтады.</p> <p>-тыныс белгілердің қойылу тәртібін ажыратады; -тыныс белгілерін дұрыс қолданып жазады. -проблемалық сұрақтар құрастырады; -достық туралы сұхбат алады.</p> <p>-өзіндік пікірін білдіреді; -өз пікірін дәлелдейді; -мысалмен қорытындылайды. ҚБ «Бірін-бірі бағалау»</p>	

Сабақтың соңы 5 минут	Рефлексия Шеринг әдісі Бүгін не үйрендің? Ол сенің өміріңе қаншалықты қажет? (оқушылар осы сұрақтар төңірегінде бір сөйлеммен жауап береді) Үйге: 7-тапсырма	1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады	
--	---	--	--

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойлаңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойлаңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2:

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.